

Облыста – жаңа прокурор

ҚР Бас прокуроры Жақып Асановтың бұйрығымен Тимур Сүлейменов Қостанай облысының прокуроры қызметіне тағайындалды.



Құқық қызметі органының жаңа басшысын ҚР Бас прокурорының орынбасары Андрей Лукин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов таныстырды.

Тимур Қайырбекұлы Сүлейменов 1975 жылы туған. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетін аяқтап, Алматы қаласы Алматы аудандық прокуратурасының құқықтық статистика және ақпарат орталығында прокурордың көмекшісі қызметіне орналасады. Осыған дейін Астана қаласы прокурорының бірінші орынбасары қызметін атқарды. Өз кезегінде Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов прокурор жұмысына сәттілік тіледі.

Еңбек жолы: — 1997 жылдың тамыз – 1998 жылдың ақпан айлары – Алматы қаласы Алматы аудандық прокуратурасының құқықтық статистика және ақпарат жөніндегі орталығында прокурордың көмекшісі; — 1998 жылдың ақпан-шілде айлары – Алматы қаласының Алматы ауданы прокурорының аға көмекшісі; — 1998 жылдың шілде – 1999 жылдың мамыр айлары – Алматы қаласының Алматы ауданы прокурорының көмекшісі; — 1999 жылдың мамыр-шілде айлары – Алматы қаласы прокуратурасының жедел іздестіру қызметі, тергеу және анықтау заңдылықтарын қадағалау жөніндегі басқарма прокуроры; — 1999 жылдың шілде-желтоқсан айлары – Алматы қаласы прокуратурасының жедел іздестіру қызметі, тергеу және анықтау заңдылықтарын қадағалау жөніндегі басқарманың аға прокуроры; — 1999 жылдың желтоқсан – 2001 жылдың ақпан айлары – Алматы прокурорының тергеу изоляторы және уақытша ұстау изоляторын қадағалау жөніндегі аға прокуроры; — 2001 жылдың ақпан – 2002 жылдың наурыз айлары – Алматы қаласы Әуезов ауданы прокурорының орынбасары; — 2002 жылдың наурыз – 2006 жылдың қараша айлары – Алматы қаласы Түркісіб ауданының прокуроры; — 2006 жылдың қараша – 2008 жылдың қыркүйек айлары – Алматы қаласы прокурорының орынбасары; — 2008 жылдың қыркүйек – 2013 жылдың қазан айлары – Алматы қаласы прокурорының бірінші орынбасары. Жаңа лауазымға келгенге дейін Астана қаласы прокурорының бірінші орынбасары қызметін атқарған. «Ерен еңбегі үшін» медалінің (2009 жылы) иегері.

Білім беру саласының үздік қызметкерлері марапатталды

2017 жылғы 25 тамызда Е. Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның концерттік залында Қостанай облысының әкімі А. Б. Мұхамбетовтің қатысуымен білім беру қызметкерлерінің кезекті тамыз кеңесі өтті, деп хабарлайды облыс әкімдігінің баспасөз қызметі.

Кеңес жұмысына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беру департаменті директорының орынбасары, қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстың ірі кәсіпорындарының, облыстық білім басқармаларының басшылары, облыстық білім беру ұйымдарының директорлары, педагогикалық еңбек ардагерлері, педагогикалық және ата-аналар қоғамының мүшелері қатысты.

«Қоғамдық сананы жаңғырту аясында білім беру сапасын жетілдірудің жаңа бағыттары мен проблемалары» атты негізгі баядамамы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының басшысы Б. Б. Даумова жасады.

Сондай-ақ, кеңесте Федоров ауданының әкімі Т. Қ. Исабаев, Амангелді ауданы әкімдігі білім бөлімінің басшысы С. О. Төленов, Қарасу ауданының Железнодорожный ОМ биология мұғалімі А. И. Коптев, Қостанай жоғары политехникалық колледжінің директоры А.



І. Дошанова, ақпараттандыру және білім сапасын бағалау орталығының директоры А. А. Павличенко, патронат тәрбиешісі Г. К. Төлегенова сөз сөйледі.

Кеңесті облыс әкімі А. Б. Мұхамбетов қорытындылады.

Дәстүрлі түрде марапаттау рәсімі өткізілді, онда, облыс әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары М. Қ. Жүндібаев білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Ы. Алтынсарин атындағы төсбелгісімен марапатталды.

Барлығы білім саласының 71 қызметкері марапатталды. Оның ішінде «Орта білім беретін үздік ұйым» болып «Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №1 лицей-мектебі» ММ танылды, оған облыс әкімі Архимед Мұхамбетов 19 567 200 теңгеге сертификат табыстады.

Вакцинадан бас тарту – өзгелерге қауіп төндіреді

Вакцинадан бас тартудың салдары басқа өзге азаматтардың құқықтарының бұзылуына алып келеді. Бұл туралы дүйсенбіде, 28 тамызда Үкіметте өткен баспасөз мәслихатында ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Вакцина мәселесіне тоқталатын болсақ, шынымен де халық арасында діни емес басқа да себептерге байланысты екпеден бас тарту жағдайлар кездесуде. Сондықтан біз осы жағдайды бірінші кезекте Денсаулық сақтау министрлігімен тыңғылықты қарастырып жатырмыз», - деді министр.

Оның сөзіне қарағанда, міндетті вакциналау енгізілсе, ол бірінші кезекте өте қауіпті инфекциялар мен паразиттік аурулар бойынша қарастырылады. «Атап айтқанда, бұл қадам бір баладан екінші балаға берілетін қауіпті инфекциялар аясында ескерілуде. Егер де біреу екпе жасамаса, онда ол өзіне ғана емес, сонымен қатар басқаларға да жұқтыруы ықтимал. Сондықтан да бұл тұрғыда өзге адамдардың да құқықтары бұзылады. Яғни бұған жол берілмеуі қажет», - деді Ермекбаев.

Сөз соңында бұл мәселе қазір талқыланып жатқандығын және оның нәтижесі бойынша дұрыс шешім жасалатындығын атап өтті. Бұдан бұрын хабарланғандай, биыл шілде айының орта кезінде ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев Қазақстанда заңмен вакцинацияны міндетті түрде талап ету енгізілуі мүмкін екенін айтқан болатын

Төбеден тонаушы түскенде...

Соңғы кездері елде ұры көбейіп кетті. Құқық қорғау орындарының жұмыстары қожырап, қауіпсіздік қызметі қауқарсыз болып қалды ма, әлде ұрыларнәшәтүрлі голливудтық киноларға тамсанып, біліктіліктерін шыңдап жетіліп алды ма, олар, әйтеуір, ойпырмай дегізіп жұрттың таңдайын қақтырып жатыр.

Тамыздың 22-сінде таңғы сағат 09:20-да Kaspi Bank-тің Алматы облысы Талғар қаласындағы бөлімшесіне тонаушылар тура төбеден түсіпті. Банктің бейнетаспасына бастан-аяқ жазылған тонау интернетте ең көп қаралған видеоға айналды. Банк бөлімшесіндегі шағын кассаға төбеден зу етіп түскен екеу аңтарылып қалған екі кассир қыздың қолын лезде байлап, уыстарына түскен ақшаны қоржынға салып, келген іздерімен кері шығып кетеді. Ұрылар кассаны тонап жатқан сәтте терезенің арғы жағынан не істерін білмей, ары-бері жүгіріп жүрген күзетшінің сұлбасы видеода анық байқалады. Дабылды сол күзетші қақса керек.

Осы әрекеттер небәрі төрт минуттың ішінде зу етіп өте шығады. Осы төрт минутта ұрылар 75 мың доллар, 36 млн теңге, 120 мың рубль және 3000 евро ұрлап кетіпті деген ақпарат тарады. Алайда банк өкілдері кейінірек мұны жоққа шығарып, жиынтығы 40 млн теңге ұрланғанын хабарлады. Сондай-ақ тонаушылар туралы қандай да бір ақпарат ұсынған жанға 5 миллион теңге сыйақы беруге әзір екендерін мәлімдеді. Бұл күндері Алматы облыстық ішкі істер департаменті «іс қаралып», «іздестіру жүріп жатыр» деген құрғақ әрі қысқа мәлімдемелен шектелді.

«Банкті өз адамы тонайды»

Ішкі істер министрлігінде 20 жылдай уақыт қызмет етіп зейнетке шыққан, қазір республикаға танымал күзет агенттіктерінің бірінде істейтін Дарханға (өтініші бойынша аты-жөнін толық атамал отырмыз) интернетте тараған видеоны көрсетіп, пікірін сұраған едік.

— Біріншіден, ұрылар төбеден түскен. Яғни банк бөлімшесінде қауіпсіздік, сақтық шаралары мүлдем қарастырылмаған. Ғимарат төбесі оңай ашылатын құрылыс материалдарынан салынған. Банк мұндай жерде отырмауы керек. Күдіктіні осы ғимараттың жағдайын жақсы білетіндердің арасынан іздеу керек. Көшедегі адам банк бөлімшесіндегі осал жер шатыр екенін білсе де, ол банктің ішіндегі жолды таба алмас еді.

Демек, тонаушы алыстан келген жоқ. Дайындығы жақсы, жолды білетіні, ғимарат ішінен хабары бар екені видеода көрініп тұр. Ақша тұратын жерді іздеп әуреге түспейді. Бірден қол салады. Оның үстіне банк бөлімшесіне бір сағат бұрын инкассаторлардың ақша алып келгенін біліп тұр ғой. Тергеу, тексеру істері, әлбетте, банктің қазіргі, бұрынғы қызметкерлерінен басталады. Бұл сөзсіз. Олар соңғы рет кіммен сөйлесті, кіммен араласты, олар не істейді – осының бәрін тексеру, назарға алу керек. Себебі бұған дейін де банктер тоналған. Солардың көбінде ұры өз іштерінен шықты, – дейді ол.

Соңғы жылдары тоналған банктердің санын білмекке ішкі істер министрлігіне хабарласқан едік, олар біздің сұрағымызға нақты жауап айта алмады. Өйткені тонау мен шабуыл жасап, тонау істерінде банктерге қатысты жеке санақ жүрмейді екен. Министрліктің өкілі Жұмағұл Үмбетбайқызының айтуынша, осы жылдың жеті айындағы дерек бойынша, тонау фактісімен 114 596 қылмыс тіркелген, оның 52,9 пайызы

анықталған. Ал былтыр тіркелген 129 823 тонаудың 44,4 пайызы ашылған.

Осы күнге дейін тоналған банктерге қысқаша шолу

Жоспарлануы мен жүзеге асуы жағынан кәсіби әрі ірі көлемдегі тонау ретінде жиі айтылатын қылмыс 2001 жылдың мамыр айында Алматы қаласында болды. Кезінде ұйғыр сепаратистерінің көшбасшысы саналған Мухлисов пен оның «бандасы» шаңқай түсте Фурманов көшесінің бойында «ТұранӘлем» банкінен шыққан инкассатор көлігіне шабуылдап, бір қызметкерді атып өлтіріп, екеуін ауыр жарақаттап, 17 млн теңге мен 196 мың долларды алып кетті. Кейіннен шабуыл жасағандар ұсталып, Модан Мухлисовтың қылмысы дәлелденіп, ол өмір бойы бас бостандығынан айырылды. Ал серіктері ұзақ уақытқа түрмеге қамалды.

2007 жылы маусымның 27-сінде белгісіз біреулер Альфа банктің ғимаратына шабуыл жасап, 65 миллион теңгені тонап кетті. Кейіннен тонаушылар сол банктің қызметкерлері екені анықталды.

2009 жылы екі жігіт 45 минут ішінде Қостанай қаласындағы Халық банктің бес банкоматынан 34 626 200 теңгені ұрлап кетті. Тонаушылар банктің кассирі мен оның сыбайласы болып шықты.

2011 жылдың 28 наурызында Алматыда Бөгенбай мен Чайковский көшелерінің қиылысында қарақшылар инкассаторды атып өлтіріп, 40 млн теңгені қолды қылған.

2010 жылы Шахтинскіде үш қылмыскер Халық банктен 19 млн теңге тонамақ болады. Алайда атыс басталып, инкассатор мен қылмыскер жараланады. Тергеу амалдарының нәтижесінде әлгі үшеудің ұзақ уақыт бойы банкті

андып жүргені, тонауға келер алдында көлік ұрлап, оның жүргізушісін өлтіріп тастағаны анықталды.

2012 жылы АТФ банктің Петропавл қаласындағы бөлімшесінің біріндегі банкоматтан белгісіз біреулер 12 млн теңгені тонап кетті.

Кентау қаласындағы банктердің бірінен 2013 жылы 2,5 млн теңге ұрланған. Тонаушылар жертөле арқылы өтіп, банктің кассасынан ақша тонаған.

2010 жылы үш жігіт бетпердесіз Леңгір қаласындағы банк бөлімшесіне келіп, кассирді пышақпен қорқытып, 1,5 млн теңге алып кетеді.

2011 жылдың қаңтарында шымкенттік екі азамат банк бөлімшесіне медициналық маска киіп, күзетші мен қызметкерлерді пышақпен қорқытып, 400 мың теңгені алып кетті. Банк күзетшісінде қару болмағаны анықталды.

Банкті ешбір қарусыз-ақ тонағысы келетіндер де бар. Мысалы, 2012 жылы Михаил Гаврилин атты Астана тұрғыны Цеснабанкті тонау үшін гаражынан банкке дейін жердің астынан 70 метрлік жол қазған. Алайда банктің қауіпсіздік қызметі оның жолын кесті. Михаил тонауға ниеттенгені үшін сот шешімімен мүлкі тәркіленіп, төрт жылға сотталды.

Айтпақшы, өткенде ғана экс-министр Темірхан Досұхамбетовтің үйіне ұры түскен-ді. Алайда «тоналған үй мен ақша менікі емес, ағамдікі» деп Т. Досұхамбетов шырылдап қалды. Қалай десек те, өзінікі болсын, ағасыныкі болсын ұрылар 3 миллион доллар, 50 мың евро және 50 миллион теңге тұратын сағатты үлтеп кеткен ғой. Әрине, Т. Досұхамбетовтің өз үйі немесе ағасының үйі банк емес. Бірақ бұл үйде жатқан ақша банк бөлімшесінің өзінде бола бермейтін сияқтығын.

Аян ҚАЛМҰРАТ
(«Жас Алаш» газетінен)

Курсанттар ата-аналарымен кездесті

2017 жылғы 24 тамыз күні Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының оқу - дала лагерінде жаттығып жатқан жас жауынгерлер курсының курсанттары үшін ата-аналарымен, туыстарымен кездесу үшін ашық есік күні өтті.

Балаларын сағынған ата-аналар кездесуге көп жиналды. Кездесу барысында курсанттар 10 күн ішінде Академияның ішкі және сыртқы тәртібіне үйреніп қалғанын, орман ішіндегі оқу-жаттығу курсы ойдағыдай өтіп, барлық жағдай жасалғанын айтып берді.

- Мен бүгін баламмен кездескеніме өте қуаныштымын. Өйткені 10 күн болса да бұлай отбасынан ұзаққа шықпаған балаңды қатты уайымдап сағынады екенсің. Кездесу барысында баламның жағдайын көріп қуанып қалдым. Балалар үшін Академияда барлық жағдай жасалғанын, баламның әскери өмірге үйреніп қалғанын, өзін салмақты ұстағанын көріп, бір марқайып қалдым. 10 күнде мынадай тәрбие берген 4 жылда баламды әскери адам етіп тәрбиелейтініне риза

болып Академия басшылығына оның қызметкерлеріне шын жүрегімен ризашылығымды білдіремін, - дейді ата-аналар атынан алғысын білдірген Жалғас Жарасұлы.

Балаларымен қауышқан ата-аналардың қуанышында шек жоқ екендігін кездесу барысында байқадық. Еркін кездесуге жол ашқан академия қызметкерлері де ата-аналармен кездесіп, балаларының жағдайы жақсы екенін, оларға алаңдап уайымдайтынды еш себеп жоқтығын айтып өтті.

**М. ОСПАНОВ,
ҚР ІІМ Академиясының
баспасөз хатшысы**



Қазақ баласы таеквондодан тұңғыш әлем чемпионы атанды
Қазақпараттың осы дүйсенбідегі жаңалықты хабарына қарағанда, қазақтың қаршадай ұлы таеквондодан жасөспірімдер арасындағы тұңғыш әлем чемпионы атанған.

Ол бұл жетістікке таеквондодан Египетте өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қол жеткізді. Бұл таеквондо спортынан жасөспірімдер арасындағы қазақ спортшылары тарихындағы алғашқы алтын жүлдесі.

Осы айтулы додада 41 келі салмақта сынға түскен Бақытжан Әбілхасан әлем біріншілігінде жалпы бес кездесу өткізіп, барлығында қарсыласын айқын басымдықпен ұтты. Отандасымыз финалда ресейлік Магомедов Шамильді тізе бүктірді. Оған дейін мексикалық болгар, түрік және ливан таеквондошыларын жарыс жолынан тайдырған болатын.

Осылайша, жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатын Қазақстан құрамасы 1 алтын және 1 қола медальмен аяқтады. Қазақ баласы таеквондодан жасөспірімдер арасындағы тұңғыш әлем чемпионы атанды. Естеріңізге сала кетейік, біріншіліктің алғашқы күні қыздар арасында Рита Бакишева қола жүлдегер атанған болатын.

Абай мұрасы - жастар тәрбиесінің негізі

Қазіргі жастар мемлекетіміздің әр саласында қызмет етеді. Заман талабына қарай олардың тәрбиелігіне, әдептілігіне көңіл бөлуде тәрбиелік жұмыстар жүргізіледі.

Әрине оның бәрі дұрыс. Қоғамдағы жастардың дәстүрлі, рухани тәрбиесіз жетістіктерге жету мүмкін емес екендігіне күннен-күнге көзіміз жетуде. Қоғамда халықпен жұмыс жүргізуде мемлекеттік қызметкер өзінің әдептілігімен, тәрбиелігімен, білімділігімен, кәсібилігімен, сауаттылығымен, жоғары мәдениеттілігімен ерекшелене алуы ауадай қажет.

Ал, сол жас қызметкерлердің халқымыздың ұлы ақыны Абайдың кім екенін білгендері және оның шығармашылығын, қара сөздерін оқыса, өздерінің беделін өсірері сөзсіз. Біздің дана ақынымызды бүкіл әлемнің азаматтары біледі десем артық айтпаған болармын. Әсіресе Абай ақынымызды Франция жастары жақсы біледі екен.

Абай халқымыздың тарихи көшін ілгері бастаған ұлт әдебиетінің классигі, әдеби тілінің негізін салушы. Ақынның даналығы - данышпандық ойлары мен парасатты сөздерінде. Ақынның әрбір сөзімен жақсы қасиеттерге бәріміз тәрбиелендік. Жастарға артында бай мұра қалдырды десек те болады. Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін қазақ тіліне аударған ақын.

Ақын - аударма жасағанда, қазақ тілінің ең бай тіл екенін дәлелдеп кетті. Гете:

Wanders Nachtlied
Über allen Gipfeln
Ist Ruh;
In allen Wipfeln
Spurest du
Kaum einen Hauch
Die Vögelin schweigen im Walde;
Warte nur, balde
Ruhest du auch

деп жазса,
Лермонтов:
Горные вершины
Спят во тьме ночной
Тихие долины
Полны свежей мглой;
Не пылит дорога
Не дрожат листья.

Подожди немного,
Отдохнешь и ты,-
деп толғаған.
Абай ақынның аудармасы:
Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт дел-сал ғып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жолдағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қыласың азырақ.
Абай ақынның кез келген өлеңін оқысаңыз ерекше, көбіне адамды мәдениеттілікке, әдептілікке, намыстылыққа, білімділікке, көзіміздің ашық болуына тәрбиелейді. Бір өлеңінің сөзінде өзінен кейінгі ұрпаққа айтқаны:
Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз - дейді.
Жастардың болашақтағы өмірге ұмтылуына себепші, шешен және заманға сай сөйлеуге, оның тілінің әсерлі, сауатты болуына ақынның әр өлеңі ықпал болады.

Мақсұтым - тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданнан көзін қойып, көңіл ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Қазіргі заманда технологиямыз дамып тұрған заман. Жастардың интернет, ұялы телефондарға қызығушылығы артып келе жатқан кезең болып тұр. Сол ұялы телефондарында әңгірәкөп дыбыстарын жүктемей жазылған пікірлерді де көріп қаламыз. Кітап оқуды жақсы көретін жастарымызда баршылық. Кез келген жастардан Абайды зерттеген академик кім? - деп сұрасаң тұңғыш ойға кетіп, жауап бере алмайтындары да бар екені жасырын емес. Жастар жан-жақты болуы үшін, Абай ақынымыздың өсиет етіп тастап кеткен еңбектерін оқулары керек, оның берер тәлімі зор деуге болады. Абай ақын сенген жастар оның ақындық еңбегін, тарихын алға қойған, бағалаған, насихаттаған, шығармашылық тұрғыдан зерттеген, абайтанудың негізін қалаушы академик, атақты жазушы Мұхтар Әуезов екенін еш ұмытпаулары керек.

Абай ақынның - ақындық кітапханасының жайы мен көлемі туралы үкілі пікір ұшқынын ең алдымен Ө. Бөкейханов тастаған екен. Ал осы дәстүрді жалғастырып, ары қарай дамытқан академик М.Әуезов болған.

Қазіргі жастардың бетін кітап оқуға бұруымыз керек. Жазу жазбай, кітап оқымай, тіл білуіміз, шеберлікпен сөйлеуіміз мүмкін емес.

Сол кезде жас ұрпаққа Абай:
Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге,
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге - деген екен.

Абай ақын өз халқын өте жақсы көрген, олардың әрқайсысының көзінің ашық болуын қалаған, өзгеден мәдениетінің жақсысын алуды ұсынады. Өз халқының дамуына қиянат болып жүрген «Өсек, өтірік, еріншектік пен салғырттық» сияқты жастардың мінездерін аяусыз сынға да алған. Ақынның мақсаты халқының, жастардың жалқау болмауына, алға жылжуына ақыл-парасаттылығымен өзінің өлең жолдарында ақылмен айтып отырған.

Осы жерде:
Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де - бір-кірпіш дүниеге,
Кетіп тап та, бар қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың жалын, артың - мұз,
Барар едің қай жаққа?
Пайданы көрсен бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма.
Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылап деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма өзбеден.
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас.
Үйретуден балаға.

Міне, ұрпақ тәрбиесінің ғажайып үлгісін өз өлең шумақтарымен жеткізе білген ақын, нағыз дана, ғұлама екенін байқадық. Сол кезде ақынның философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарасының артықшылығында байқаймыз. Адамды жоғары қасиетке жеткізетін білім мен ғылым, ал білім мен ғылымның негізгі кілті - ол тіл. Ақын Абай - ана тілін, араб, парсы, шағатай тілін т.б. жақсы білген ақын.

Абайдың 45 қара сөзінің өзі тәрбиелік өсиеттен туындағанын оқып шықсаңыз ғана білесіз. Мысалы: Абай өзінің 11 қара сөзінде адам болу, жарым адам, толық адам, адамның адамдығы, адамшылықты ұғымдарға талдау бере отырып, «адам» түсінігіне «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» деп анықтап айтады. Жастарға «Жақсы киініп жақсы адам болам деме, жақсы адам болып барып, жақсы киініп» деген сөздерінің өзінде қаншалықты мән жатыр?

Ақын жастардың бойынан адамдыққа жат қылықтардан аулақ жүруін айтып отырған:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз - деп талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым бес шартқа жататындығын нақтылап көрсетеді.

Әрине қазіргі жастарымыз тілді білгенде ғана әдебиеттегі осыншама байлықтың барын біледі. Абайды оқыған азамат ешқашан білімсіз, жаман қылықты, жалқау болмайды. Абайдың әр сөзі жастарды білімділікке, жан-жақтылыққа, парасаттылыққа, рухани байлыққа бағыттайтыны сөзсіз. Жастар, Абайды танытқан М. Әуезов екенін ұмытпағандары жөн және Абай туралы жазған еңбектерін оқығанда ғана тілге деген, әдебиетке деген сүйіспеншілігі дамып, өздерін зиялы (интеллигентті) жастар қатарында көре алатынына сенемін. Қазіргі жастардың Абай өлеңдерін оқып, жаттап алса, ол өзін жақсы қасиеттерге өзгертуге тырысатыны сөзсіз. Бар уақытын текке кетірмей бай мұрасы бар кітаптарға көңіл бөлгенде, ой өрісі кеңейіп, адамдармен араласқанда өзін сенімді, ашық, сауатты екенін көрсете біледі.

Кез келген жастардан соңғы рет қандай кітап оқыдыңыз деп сұрай қалсаң, қынжылып жауап беретіндері де кездесетіні жасырын емес. Қазіргі заманның да ақын-жазушыларының кітаптарынан жақсы дүниелерді табуға болады. Кітап деген ол ең қымбат мұра деуге болады. Адам оқымаса, жазбаса, тұнығып, жабылып, дүниенің әсемдігін көре алмай қалады деуге болады. Автобустарда, аялдамаларда кітап оқып отырған жастар көбейсе екен дейміз. Кітапты көп оқыған адам - рухани азығы мол адам болары сөзсіз!

**Г. ДОСТОЯРОВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Оқу орталығының (Қостанай қ.)
Мемлекеттік тіл және ақпарат
тобының инспекторы**